

2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 3 мамырдағы № 78 қаулысы. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 мамырда № 9-9-133 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінің 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақы мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың нақты орындалған жұмыстарға еңбек ақысының төлемі аудандық бюджет қаражатынан төленсін.

3. Мыналар белгіленсін:

1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік салық аудандық бюджеттен өтеледі және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылады;

2) екінші деңгейдегі банктердің жалақыны есептеу мен төлеу бойынша қызметіне комиссиялық сыйақысын төлеу шығындары қоғамдық жұмыстарды орындау шартында белгіленген мөлшерлерде жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аудандық бюджеттен өтеледі.

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және жұмыс беруші арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. Аубакировка жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 01 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

әкімі

Н. Төлепов

КЕЛІСІЛДІ:

"Жангелдин ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Д. Бидашев

"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Л. Зейнекина

"Жанкелді коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бастығы

М. Қалиев

Ә к і м д і к т і ң

2011

жылғы

3

мамырда

№ 78 қаулысымен бекітілген

2011 жылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақы мөлшері

№	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі, сағатпен
		1. Жұмысшылардың кәсіби даярлығын талап етпейтін Торғай селосындағы жұмыстар. 1) Ш.Жәнібек алаңын және әкімдік маңайындағы алаңдарды қардан тазалау; 2)Көшелерде көктемгі тазалық жүргізуге көмектесу: Ы.Алтынсарин, Қ.Алтынсары, 2 0 1 6 А.Байтұрсынов, Н.Г.Иванов, С. Мауленов, Кейкі батыр, Ә.Жангелдин, Дузенов, Токин, Қайнекей, Құлжановтар; 3) Село орталығының саябақтарында көктемгі ағаш отырғызуға қатысу: Жасыл ел, 2 0 1 6 Ә.Жангелдин, Жастар, Жеңіс,	

1	"Жанкелді коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Болашақ, Дүзен, Алтынсары, И в а н о в ;	
		4) гүлзарларға гүл отырғызу және оны жаз бойы күту: әкімдік алаңында, Ө.Жангелдин мұражайы жанында, Ш.Жәнібек алаңы, Ұлылар үндестігі ескерткіші алаңы, Жастар саябағында, Жеңіс саябағында;	4 1 6 0
		5) Ш.Жәнібек алаңын жаз бойы күнделікті тазартып отыру;	
		6) саябақтарда отырғызылған ағаштарды жаз бойы күту,суару: Жасыл ел, Жеңіс,Ө.Жангелдин, Жастар, Болашақ, Дүзен, Алтынсары, И в а н о в ;	1 3 4 4
		7) село көшелерінің бойындағы плакаттарды жаңалау жұмыстарына көмектесу ;	1 0 2 0 0
		8) "Топжарған" спорт кешенін спартакиада өткізуге дайындау (арам шөптерден тазарту, қоқыс жинау, ақтау, сырлау) жұмыстарына көмектесу ;	5 2 8
		9) село орталығына күзгі ағаш отырғызуға көмектесу;	
		10) село орталығында отырғызылған ағаштарды үнемі жаз бойы күту, суару жұмыстарына көмектесу:	2 1 1 2
		Ы.Алтынсарин, Қ.Алтынсары, А.Байтұрсынов, Кейкі-батыр, С.Мәуленов, Қайнекей, Дүзен, Н.Г.Иванов, Ө.Жангелдин, Токин, Қ ұ л ж а н о в т а р :	3 5 5 2
		11) селодағы 12,18 пәтерлі коммуналдық тұрғын үйлердің маңайына ағаш отырғызу және оны жаз бойы күтіп, суаруға жәрдемдесу.	1024
		2. Жұмысшылардың кәсіби даярлығын талап етпейтін Збан ауылының жұмыстары:	
		1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;	9 4 4

	2) ауылдағы күздік ағаштардағы отырғызуға көмектесу.	480
	3. Жұмысшылардың кәсіби даярлығын талап етпейтін Шеген ауылындағы жұмыстарға көмектесу : 1) ауылдың мәдени-әлеуметтік мекемелерін қардан тазартуға көмектесу; 2) Наурыз мерекесіне орай, ауылдың орталық алаңын қардан, қоқыстан тазарту; 3) ауылдағы көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу;	6 4 0 3 0 4 672
	4. Жұмысшылардың кәсіби даярлығын талап етпейтін Ақшығанақ ауылының жұмыстарды 1) ауылдың мәдени-әлеуметтік мекемелерін қардан аршуға көмектесу.	944
	5. Жұмысшының кәсіби даярлығын талап етпейтін Аралбай ауылының жұмыстарына көмектесу : 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайларын үнемі қардан тазарту ; 2) ауылда көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу; 3) ауылда күздегі ағаштарды отырғызуға көмектесу.	9 4 4 6 7 2 480
	6. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Көкалат ауылының жұмыстарына көмектесу : 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға қатысу; 2) ауылдағы күзгі ағаш отырғызуға қатысу.	9 4 4 672
	7. Жұмысшылардың арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Бидайық ауылының жұмыстарына көмектесу : 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайларын үнемі қардан тазартуға қатысу.	472

	8. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Тауш ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылдың мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға көмектесу; 2) ауылда күзгі ағаш отырғызуға көмектесу.	9 4 4 640
	9. Жұмысшылардың арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Қарасу ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазарту; 2) ауылдағы көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу.	9 4 4 672
	10. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Қалам-Қарасу ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылда көктемгі санитарлық тазалық жүргізуге көмектесу.	504
	11. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Қызбел ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға көмектесу; 2) ауылдағы күзгі ағаш отырғызуға көмектесу.	9 4 4 640
	12. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Милісай ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға көмектесу.	944
	13. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Сужарған ауылының жұмыстарына көмектесу: 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға көмектесу; 2) ауылдағы "Жеңіс саябағы"	9 4 4

	аумағын тазартуға (ағаштарды ақтау, жаңадан ағаш отырғызу) көмектесу.	672
	14. Жұмысшының арнайы кәсіби даярлығын талап етпейтін Шилі ауылының жұмыстарына көмектесу : 1) ауылдағы мәдени-әлеуметтік мекемелердің маңайын үнемі қардан тазартуға көмектесу; 2) көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу.	672

кестенің жалғасы:

№	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары	Еңбек ақы төлеу
1	"Жанкелді коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қоғамдық жұмысқа қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қаралған шектен аспуы, екі күндік демалыс, түскі 1 сағаттан аспайтын үзіліс болуы тиіс.	Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері